



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ _____

от «__» _____ 202__ года

03.03.2021-ғы № 5-18-2/830-И шығыс хаты
03.03.2021-ғы № 1979 кіріс хаты
№ исх: 91 от: 03.03.2021
Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

«Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 27 ақпандағы № 9 қаулысының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарда:

б)- тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«б) 15 оқушыға дейінгі топтарда білім шығынын қалпына келтіру үшін жеке кеңес беруді ұйымдастыру.»;

мынадай мазмұндағы 10)-тармақшамен толықтырылсын:

«10) жалпы білім беретін мектептерде 1-5-сыныптарда, халықаралық мектептерде 1-7-сыныптарда аралас форматта оқытылады. Қашықтан оқытуға шығарылатын пәндерді білім беру ұйымы дербес айқындайды. Штаттық форматта оқытуға негізгі пәндерді қашықтан оқытуға «Музыка», «Көркем еңбек» оқу пәндерін шығару ұсынылады.»;

мынадай мазмұндағы 5-1, 5-2 және 5-3-тармақтармен толықтырылсын:

«5-1. Білім беру ұйымдарында сырқаттанушылық анықталған кезде сыныпқа карантин белгіленеді және барлық білім алушылар қашықтан оқытуға ауыстырылады.

5-2. Ерекше жағдайларда (науқастанулар, қарсы айғақтар) білім алушылар штаттық режимде сабақтан босатылады және ата-аналарының өтініші бойынша қашықтан оқытуға ауыстырылады.

5-3. Оқытудың аралас форматында міндетті мектеп формасын сақтау талап етілмейді. Білім алушылардың сабақтарға ыңғайлы және ұқыпты киіммен қатысуына жол беріледі.»;

мынадай мазмұндағы 37-1-тармақпен толықтырылсын:

«37-1. 1-5 сынып білім алушыларын аралас оқыту форматына көшіру жалпы ел бойынша санитарлық-эпидемиологиялық жағдайдың жақсаруына негізделеді.

Оқу жұмыс жоспарының сағаттарын бөлу төмендегі кестелерде ұсынылады (1-10-кестелер).

1-кесте

1-сынып (оқыту қазақ тілінде)

№	Пән	сағат саны	штаттық формат	қашықтық формат
1	Сауат ашу	6	6	
2	Орыс тілі (Я2)	2	2	
3	Шетел тілі	2	2	
4	Математика	4	4	
5	Жаратылыстану	1	1	
6	Дүниетану	1	1	
7	Өзін-өзі тану	1	1	
8	Музыка	1		1
9	Көркем еңбек	1		1
10	Дене шынықтыру	3	3	
Инварианттық оқу жүктемесі		22	20	2
Вариативтік оқу жүктемесі		2		
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі		24		

2-кесте

1-сынып (оқыту орыс тілінде)

№	Пән	сағат	штаттық	қашықтық
---	-----	-------	---------	----------

		саңы	формат	формат
1	Сауат ашу	6	6	
2	Қазақ тілі (Т2)	2	2	
3	Шетел тілі	2	2	
4	Математика	4	4	
5	Жаратылыстану	1	1	
6	Дүниетану	1	1	
7	Өзін-өзі тану	1	1	
8	Музыка	1		1
9	Көркем еңбек	1		1
10	Дене шынықтыру	3	2	
Инварианттық оқу жүктемесі		22	20	2
Вариативтік оқу жүктемесі		2		
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі		24		

3-кесте**2-сынып (оқыту қазақ тілінде)**

№	Пән	сағат саны	шпaттық формат	қашықтық формат
1	Қазақ тілі	4	4	
2	Әдебиеттік оқу	3	3	
3	Орыс тілі (Я2)	2	2	
4	Шетел тілі	2	2	
5	Математика	4	4	
6	Жаратылыстану	1	1	
7	Дүниетану	1	1	
8	Өзін-өзі тану	1	1	
9	Музыка	1		1
10	Көркем еңбек	1		1
11	Дене шынықтыру	3	3	
Инварианттық оқу жүктемесі		23	21	2
Вариативтік оқу жүктемесі		2		
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі		25		

4-кесте**2-сынып (оқыту орыс тілінде)**

№	Пән	сағат саны	шпaттық формат	қашықтық формат
1	Орыс тілі	4	4	
2	Әдебиеттік оқу	3	3	
3	Қазақ тілі (Т2)	2	2	

4	Шетел тілі	2	2	
5	Математика	4	4	
6	Жаратылыстану	1	1	
7	Дүниетану	1	1	
8	Өзін-өзі тану	1	1	
9	Музыка	1		1
10	Көркем еңбек	1		1
11	Дене шынықтыру	3	3	
	Инварианттық оқу жүктемесі	23	21	2
	Вариативтік оқу жүктемесі	2		
	Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі	25		

5-кесте**3-сынып (оқыту қазақ тілінде)**

№	Пән	сағат саны	шпaттық формат	қашықтық формат
1	Қазақ тілі	4	4	
2	Әдебиеттік оқу	3	3	
3	Орыс тілі(Я2)	2	2	
4	Шетел тілі	2	2	
5	Математика	5	5	
6	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	1	1	
7	Жаратылыстану	2	1	
8	Дүниетану	1	1	
9	Өзін-өзі тану	1	1	
10	Музыка	1		1
11	Көркем еңбек	1		1
12	Дене шынықтыру	3	3	
	Инварианттық оқу жүктемесі	26	24	2
	Вариативтік оқу жүктемесі	3		
	Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі	29		

6-кесте**3-сынып (оқыту орыс тілінде)**

№	Пән	сағат саны	шпaттық формат	қашықтық формат
1	Орыс тілі	4	4	
2	Әдебиеттік оқу	3	3	
3	Қазақ тілі(T2)	3	3	
4	Шетел тілі	2	2	

5	Математика	5	5	
6	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	1	1	
7	Жаратылыстану	2	2	
8	Дүниетану	1	1	
9	Өзін-өзі тану	1	1	
10	Музыка	1		1
11	Көркем еңбек	1		1
12	Дене шынықтыру	3	3	
Инварианттық оқу жүктемесі		27	25	2
Вариативтік оқу жүктемесі		2		
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі		29		

7-кесте**4-сынып (оқыту қазақ тілінде)**

№	Пән	сағат саны	шпатық формат	қашықтық формат
1	Қазақ тілі	4	4	
2	Әдебиеттік оқу	3	3	
3	Орыс тілі (Я2)	2	2	
4	Шетел тілі	2	2	
5	Математика	5	5	
6	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	1	1	
7	Жаратылыстану	2	2	
8	Дүниетану	1	1	
9	Өзін-өзі тану	1	1	
10	Музыка	1		1
11	Көркем еңбек	1		1
12	Дене шынықтыру	3	3	
Инварианттық оқу жүктемесі		26	24	2
Вариативтік оқу жүктемесі		3		
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі		29		

8-кесте**4-сынып (оқыту орыс тілінде)**

№	Пән	сағат саны	шпатық формат	қашықтық формат
1	Орыс тілі	4	4	
2	Әдебиеттік оқу	3	3	
3	Қазақ тілі (Т2)	3	3	

4	Шетел тілі	2	2	
5	Математика	5	5	
6	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	1	1	
7	Жаратылыстану	2	2	
8	Дүниетану	1	1	
9	Өзін-өзі тану	1	1	
10	Музыка	1		1
11	Көркем еңбек	1		1
12	Дене шынықтыру	3	3	
Инварианттық оқу жүктемесі		28	26	2
Вариативтік оқу жүктемесі		1		
Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі		29		

9-кесте**5-сынып (оқыту қазақ тілінде)**

№	Пән	сағат саны	шпатық формат	қашықтық формат
1	Қазақ тілі	3	3	
2	Қазақ әдебиеті	2	2	
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	
4	Шетел тілі	3	3	
5	Математика	5	5	
6	Информатика	1	1	
7	Жаратылыстану	2	2	
8	Қазақстан тарихы	2	2	
9	Дүниежүзі тарихы	1		
10	Өзін-өзі тану	1	1	
11	Музыка	1		1
12	Көркем еңбек	2		2
13	Дене шынықтыру	3	3	
Инвариативтік оқу жүктемесі		29	26	3
Инвариативтік оқу жүктемесі		3		
Ең жоғары оқу жүктемесінің көлемі		32		

10-кесте**5-сынып (оқыту орыс тілінде)**

№	Пән	сағат саны	шпатық формат	қашықтық формат
1	Орыс тілі	3	3	
2	Орыс әдебиеті	2	2	
3	Қазақ тілі мен әдебиеті	5	5	
4	Шетел тілі	3	3	

5	Математика	5	5	
6	Информатика	1	1	
7	Жаратылыстану	2	2	
8	Қазақстан тарихы	2	2	
9	Дүниежүзі тарихы	1	1	
10	Өзін-өзі тану	1	1	
11	Музыка	1		1
12	Көркем еңбек	2		2
13	Дене шынықтыру	3	3	
Инвариативтік оқу жүктемесі		31	28	3
Инвариативтік оқу жүктемесі		1		
Ең жоғары оқу жүктемесінің көлемі		32		

Өзбек/ұйғыр/тәжік тілдерінде оқытатын мектептердің 1-5 сынып пәндері бойынша Оқу жұмыс жоспарының ұсынылған ұсынымдарға ұқсас жасалады.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім беру комитеті (М.Т.Мелдебекова) осы бұйрықты облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары басшыларының назарына жеткізсін.

3. Облыстардың білім басқармаларының басшылары осы бұйрықты аудандық және қалалық білім бөлімінің назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі**

А. Аймағамбетов

Результаты согласования

02.03.2021 11:37:03: Каринова Ш. Т. (Руководство) - - согласовано без замечаний